

СПОРТ

Ақерке СҮНДЕТ

БОЧЧА –
өмірімнің жаңа парағы

БОЧЧА – МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН СПОРТ ТҮРІ. ОЛ АЛҒАШ 1984 ЖЫЛЫ ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНГІЗІЛГЕН. БҮЛ СПОРТ НЕГІЗІНЕН ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖҮЙЕСІНДЕ АҚАУЫ БАР, АТАП АЙТҚАНДА ЦЕРЕБРАЛДЫ САЛ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН АДАМДАР АРАСЫНДА КЕҢ ТАРАҒАН. БОЧЧА – СЫРТ КӨЗГЕ ЖАЙ ҒАНА ДОП ЛАҚТЫРУ ОЙЫНЫ СИЯҚТЫ КӨРІНГЕНІМЕН, ІС ЖҮЗІНДЕ АСА ДӘЛДІК ПЕН ЖОҒАРЫ КОНЦЕНТРАЦИЯНЫ ТАЛАП ЕТЕТІН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖАРЫС.

Ойынның басты мақсаты – ақ түсті нысана допқа (jack) өз доптарыңды барынша жақын орналастыру. Спортшылар қызыл және көк түсті былғары доптармен жеке, жұп және командалық форматта жарысады. Әрбір лақтыруда есеп, стратегия және дәлдік қажет. Сондықтан бочча – тек физикалық емес, психологиялық төзімділікті де талап ететін спорт түрі.

Бочча – мүмкіндігі шектеулі жандарға тек спорт емес, өмірге жаңаша көзқарас сыйлайтын мүмкіндік. Бұл ойын олардың қоғамдағы белсенділігін арттырып, өз күшіне сенім ұялатады. Бүгінде Қазақстанда да бұл спорт түрі дамып келеді. Осы орайда ел намысын әлемдік ареналарда қорғап жүрген спортшыларды бірі – Қазақстан құрама командасының мүшесі Дәурен Қосыбай. 31 жастағы спортшы үшін бочча – өз мүмкіндігін дәлелдеудің, өмірге құштарлықтың бір көрінісі. Ол – өз ісіне адалдық пен ерік-жігердің үлгісін көрсетіп жүрген спортшының бірі. Біз Дәуренмен әңгімелесіп, оның спорттағы жолы, дайындық барысы, және бұл ойынның өміріне қалай әсер еткені жөнінде сұхбаттастық.

– Ең алдымен, өзіңіз туралы және бочча спорт түрімен қалай айналыса бастағаныңыз жайлы айтып өтсеңіз.

– Бочча спортына 2024 жылдың басында келдім. Сол жылы Жаңаөзен қаласында параспорт орталығы ашылып, мен сол жерге спорттық инструктор болып жұмысқа орналастым. Дәл сол жерден менің спорттық жолым басталды. Шынымды айтсам, алғашында спортқа аса мән бермедім, ондай қатты қызығушылығым болмады. Бірақ Жаңаөзен қаласының бочча спорты бойынша жаттықтырушысы Гүлпері Қадырова арнайы шақырып, байқап көруге

категориясы бойынша 80-орында тұрмын. Алдағы басты мақсатым – 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін паралимпиада ойындарына жолдама алу. Сол арманға жету үшін алдағы жарыстарда үздіктердің қатарынан көрініп, рейтингімді жақсартуға бар күшімді саламын. Қазір бочча спорты Қазақстанда өте қарқынды дамып келеді. Бұл спорт елімізге 2019 жылы келген болатын, яғни бар болғаны 6 жылдың ішінде үлкен серпіліс жасады. Әр облыста мықты спортшылар



ұсыныс жасады. Сол сәттен бастап бұл спорт мені баурап алды. 2025 жылдың маусым айында Астана қаласында өткен төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын спартакиада да бірінші орын иелендім. Бұл – менің алғашқы әрі ең маңызды жетістігім. Дәл сол жеңістен кейін Қазақстан ұлттық құрамасына қабылданып, ел намысын қорғау мүмкіндігі туды.

– Көпшілікке бочча әлі де беймәлім спорт түрі. Оқырманға түсінікті болу үшін қысқаша түсіндіріп өтсеңіз.

– Иә, расында көп адам боччаның не екенін түсіне бермейді. Оны түсіну үшін міндетті түрде өзің ойнап көру керек. Бұл спорт сырттай қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, іс жүзінде үлкен дәлдік пен жоғары ойлануды талап етеді. Жалпы алғанда бочча петанк және керлинг ойындарына ұқсайды, мұнда да нысанаға дәл бағыттап, қарсыластың жүрісін алдын ала есептеу қажет.

– Жаттығу процесі қалай өтеді? Күнделікті дайындықтың ерекшеліктері қандай?

– Күнделікті жаттығу – мен үшін ең маңызды кезең. Жарысқа дайындық кезінде таңертең және түстен кейін екі мезгіл жаттығу жасаймыз. Боччада әр ұсақ деталь маңызды: лақтыру бұрышы, есеп, тактика, қарсыласты бақылау. Бұл спортта тек колмен емес, баспен де жұмыс істеу керек. Тамактануда ерекше диета жоқ, кәдімгі үйреншікті тағамдарды тұтынамын. Бастысы – өзіңді жақсы сезіну және жарыс алдында артық ойға берілмеу.

– Алдағы басты мақсатыңыз немесе қатысқыңыз келетін жарыс қандай?

– Қазіргі уақытта мен әлемдік рейтингте ВС3

– Сұхбатыңызға рақмет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«МКДСМ» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Маңғыстау ауданында, «Жаңаорпа-1» кен орнында құрылыс тасты өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына қоршаған ортаға әсерді қорғау бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.
Әсер ету аумағы: «Жаңаорпа-1» кен орны Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Шетпе жақын елді мекенінен оңтүстік-шығысқа қарай 1 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары:
1. 44° 07' 56,20"CE52° 11' 12,80"ШБ;
2. 44° 07' 56,00"CE52° 11' 19,10"ШБ;
3. 44° 07' 36,70"CE52° 11' 36,20"ШБ;
4. 44° 07' 23,50"CE52° 11' 41,40"ШБ;
5. 44° 07' 21,49"CE52° 11' 30,73"ШБ;
6. 44° 07' 27,34"CE52° 11' 23,79"ШБ;
7. 44° 07' 35,00"CE52° 11' 19,70"ШБ;
8. 44° 07' 43,90"CE52° 11' 16,90"ШБ;
9. 44° 07' 50,20"CE52° 11' 11,00"ШБ.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні, уақыты және мекен-жайы: 3.12.2025 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 16:00-де, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе а., мәдениет үйі (конференция уақыты 1 сағат).
Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде каран-

тин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (<https://zoom.us>.) онлайн режимінде өткізіледі.
Конференцияға қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/7783456446?pwd=f4sqG8clq9KgmnNed4UzJxm8Epnb5.1&omn=73541220891>.
Конференция идентификаторы: 778 345 6446. **Кіру коды:** 6i8akf.
Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «МКДСМ» ЖШС, БСН: 940340000590, ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, а.о. Қызылтөбе. Бірлік тұрғын ауданы. Тел.: 8 778 462 6660.
Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, Ақтау қ., 17-шағын аудан, 7-үй, 308-пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел.: 8 778462 6660.
Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/28410>
Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық поштасы s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылдың 3 желтоқсанында сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданында, Шетпе а., мәдениет үйінде «МКДСМ» ЖШС «Жанаорпа-1» кен орнында құрылыс тасты өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсері туралы есеп бойынша ашық мәжіліс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.
Әсер ету аумағы: «Жанаорпа-1» кен орны Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Шетпе жақын елді мекенінен оңтүстік-шығысқа қарай 1 км қашықтықта орналасқан.
Кен орны орталығының географиялық координаттары:
1. 44° 07' 56,20"CE52° 11' 12,80"ШБ;
2. 44° 07' 56,00"CE52° 11' 19,10"ШБ;
3. 44° 07' 36,70"CE52° 11' 36,20"ШБ;
4. 44° 07' 23,50"CE52° 11' 41,40"ШБ;
5. 44° 07' 21,49"CE52° 11' 30,73"ШБ;
6. 44° 07' 27,34"CE52° 11' 23,79"ШБ;
7. 44° 07' 35,00"CE 52° 11' 19,70"ШБ;
8. 44° 07' 43,90"CE52° 11' 16,90"ШБ;
9. 44° 07' 50,20"CE52° 11' 11,00"ШБ.
Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме:

ХАБАРЛАНДЫРУ

Маңғыстау облысының аумақтық нотариаттық палатасының Ақтау қаласы бойынша жеке нотариусы Жалғасов Нұрбек Асылбекұлы 16.10.1975 жылы Маңғыстау облысында туған ҚР азаматы Адилова Балжан Валентиновнаның атынан ашылған мұралық іс бойынша мұрагерлеріне іздеу салады. Осы хабарландыру шыққан күннен бастап бір ай ішінде келесі мекен-жайда орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласу сұралады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-ш/а, «Звезда Ақтау» бизнес орталығы, 1-қабат, 106-кеңсе.

2026 ЖЫЛҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА»
БАСЫЛЫМДАРЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ!



«Халық» және «Каспий»
қосымшасы арқылы онлайн
жазылуға болады

«МАҢҒЫСТАУ» газетіне жазылу

Заңды тұлғаларға 1 жылға
Редакция арқылы 16 370,00 теңге
Қазпошта арқылы 25 881,96 теңге
Индекс 15492

Жеке тұлғаларға 1 жылға
Редакция арқылы 8 185,00 теңге
Қазпошта арқылы 12 947,52 теңге
Индекс 65492

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫНЫСЫ – «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНДЕ!